

егемен

Қазықаспан

“Бер бана ат”

(Пушкин шығармаларындағы түркизмдер)

Кеше Орал қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин кезінде А.С.Пушкин тоқтаған үйге барды. Екі ел басшыларының ұлы ақын рухына тағзым етуінде Пушкиннің біздің халықтарымыз арасындағы достық дәнекері ретіндегі қымбат қасиетінің де өзіндік орны бар екендігі даусыз. Әлем әдебиеті жарық жұлдызының шығармаларындағы түркизмдер – мұның бір дәлелі.

Осыдан дәл отыз жыл бұрын, яғни 1976 жылы бүгін біз қозғап отырған мәселеге байланысты үлкен дау-дамай туғаны жұртшылықтың есінде. Сол тұста Олжас Сүлейменовтің “Аз и Я” кітабында “Игорь жасағы жайындағы жырдың” мәтінінде түркі сөздері көптеп кездеседі деп айтылғаны үшін ғана авторға тағылмаған айып қалмаған болатын. Мұның бәрі астамшыл Орталықтың шовинистік шамшылдығының шалығы екенін уақыттың өзі көрсетіп берді. Ал шынтуайтында Еуразия кеңістігінде атам заманнан араласып-құраласып жатқан халықтардың тілдерінде бір-біріне ауыс-түйіс болмауы мүмкін емес еді. Академик А.Н.Кононов 1972 жылы жарық көрген “История изучения тюркских языков в России” атты кітабында: “Частые поездки русских князей в Орду, общение с представителями Орды вызвали к жизни появление первых переводчиков-толмачей”, деп жазады да, жақшаның ішіне: “тюрк. тыл, тил язык” дегенді қосып қояды.

Сөз басында Пушкиннің тұсында орыс тіліне түркизмдердің әсері туралы пікірдің теріс, жағымсыз тұрғыда қалыптасқанын еске салып өту керек. Моңғол-татар езгісі деп аталып жүрген сол заманда татар тілі орыс тілін былғап, таттандырып кетті деп саналатын. Сондай ұстанымдағы Лемонте деген мырзаның Крылов мысалдарына алғысөзіне орай Пушкин мынаны

айтқанын білеміз: “Г.Лемонте напрасно думает, что владычество татар оставило ржавчину на русском языке. Чуждый язык распространяется не саблею и пожарами, но собственным обилием и превосходством” (астын сызған біз – С.А.). Яғни, Пушкин тілдердің ауыс-түйістігі тек ерікті түрде, екінші тіл жаңа сөздерді қажет еткенде, жаңа ұғымдарды, жаңа реалияларды берудің қажеттігі туындағанда ғана орын алады деп санаған. Ең бастысы – бір тілдің сөзі екінші тілге өзінің байлығының, артықшылығының арқасында ғана сіңіседі деп кесімді пікір айтқан.

Бұл орайда біз мына жайға назар аударғымыз келеді. Қаншама жыл қалмақпен қырқысқанда, қаншама әжелеріміз қалмақтың тұтқынға түскен қыздары болғанда қазақ тіліне ол тілдің әсері неге соншама аз деп сұрақ қойсақ, оның жауабын Пушкиннің жаңағы: “Бөгде тіл қылыштың, өрттің күшімен емес, өзінің көл-көсір байлығымен және артықшылығымен таралады” деген сөзінен табамыз. Ол тілдің біздің тілге еткен әсерінің әлсіздігі ең алдымен екі халықтың өмір салтының өте жақындығында, бірінде бар реалиялардың көршісінде де бар екендігінде, ауыспаса болмайтындай тың атаулардың, тың ұғымдардың аздығында деп ойлаймыз.

Пушкиннің өзі орыс тіліндегі түркізмдердің ауқымын өте үлкен деп санамаған. Оған жаңа біз айтқан мақаладағы: “Как бы то ни было, едва ли полсотни татарских слов перешло в русский язык”, деген сөзі дәлел. Бұл арадағы “татар сөздерін” жалпы түркізмдер деп қабылдау қажеттігі түсінікті.

Тағы бір ескеретін жай мынау: мақаладағы мысалдар арасында ара-тұра ұшырасатын фарсизмдер де, арабизмдер де, монголизмдер де түркізмдер қатарында аталады, өйткені олардың бәрі дерлік орысшаға түркі тілдері арқылы ауысқан. Сондықтан академик Смет Кеңесбаев “О тюркских элементах русского словаря” (Лексикографический сборник, вып. 3. М., 1958) атты мақаланың авторы Н.К.Дмитриевтің еңбегі туралы айтқанда: “Н.К.Дмитриев все слова, заимствованные

русским языком из тюркских, считает тюркизмами, независимо от их происхождения в тюркских языках”, деп жазған болатын.

Ұлы ақынның 16 томдық академиялық басылымынан біздің түркизмдер ретінде сүзіп алғанымыз 222 сөз бен атау. Олардың арасынан 5 антропонимді /Асан, Мамай, Сеит, Чингиз-хан, Руслан/, 10 топонимді / Аральский, Бахчисарайский, Карагайский, Каргалинский, Кизильский, Кокшайский, Нагайский, Сакмарской, Сарматы, Яицкий/, 7 этнонимді / Башкиры, Болгар, Бухарец, Киргиз, Киргиз-кайсак, Сарацинский, Турецкий, Хазарский/ атап қана өтпекпіз. Негізінде, түркілік элементтер антропоним, топоним, этнонимдерде де көрініс табады.

Сонымен, бір Пушкиннен 200-дей түркизм шығып отыр. Біздің есебіміз бойынша, олардың кемінде оншақтысының әлі басы ашылмаған, даулы.

Лингвистикадағы ең беделді басылымның бірі ретінде жүгінетін Фасмердің 4 томдық этимологиялық сөздігінде (Макс Фасмер. Этимологический словарь русского языка. В четырех томах. Санкт-Петербург “Азбука” 1996) де, (қайта-қайта жазып жатпас үшін мұнан әрі Ф деп белгіленіп, томы мен беті көрсетіледі) бас-аяғы 2 мыңға жуық түркизмді қамтитын Шипованың (Е.Н.Шипова, Словарь тюркизмов в русском языке, А., “Наука”, 1976) сөздігінде де (мұнан былай СТ деп белгіленіп, беті көрсетіледі) күмәнді деген сөздер жөнінде ашық, анық жазылған.

Пушкин шығармаларындағы түркизмдерді тақырыптық сипаты бойынша бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Газет мақаласының мүмкіндігін ескере отырып, біз түсіндіру, дәлелдеу керек-ау деген сөздерге ғана, оның өзінде қысқаша тоқталып, өзіміз басы ашық деп санайтын сөздерді тек атап қана өтетін боламыз.

## МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЗМДЕР

Абаз – Кавказда кезінде кеңінен тараған күміс ақша –

Иран шахы Аббастың құрметіне шығарылған /аббази/.

“Первый встречный вызвался провести меня к городничему, и потребовал за то с меня абаз”.

Атаган – түріктің қайқы қылышы. “Четверо вынули свои атаганы и начали копать землю”.

Алтын– алтын , арба – арба, аркан – арқан, алмаз – алмас, аул – ауыл, базар – базар, бирюзовый – феруза, булат – болат, деньга – теңге, духан – дүкен, изумруд – зүмірет, зүбәржат, казна – қазына, капкан – қақпан, карандаш – қарындаш сөздеріне күдік-күмән келтірушілер табыла қоймас.

Кибитка – кібет, қалмақы киіз үй /крытая повозка с дугообразным верхом/.

“Долго ль мне гулять на свете, / То в коляске, то верхом, /То в кибитке, то в карете, / То в телеге, то верхом”.

Түркіше кибет, кибит – лавка, магазинчик, арабтың киббат – свод, купол дегенінен. Махмұд Қашқари сөздігінде де бар.

Кинжал – қанжар.

Кинжал исторически персидское хәнчәр, которое перешло во многие тюркские языки Кавказа и Малой Азии – СТ – 183.

Кирпич – кірпіш.

Ковер – киіз, кебіз. “Под голубыми небесами /Великолепными коврами, / Блестя на солнце, снег лежит”.

Фасмер /2-270/ Еділ бұлғарларының “кавәр” дегенінен , ал ол шағатай тіліндегі “киіз” сөзінен шыққан деп көрсетеді.

Ковчег – қапшық.

“Бестужев, твой ковчег на бреге!”.

“Старинный кованный сосуд, окованный сундук для хранения, сбережения чего-либо”. Огиенко бұл сөзді өте ежелгі түркізмдерге жатқызады. Фасмер /2-272/ шағатайша қап, копыр, копыршақ, қорап дегеннен шығарады. Коробка – осыдан. Ыдыс салатын бұйымның аты аяққап аталатыны тегін емес. Ковчегтің қазіргі қазақ тіліндегі жақын нұсқасы қапшық болса

керек /Жер-жаһанды топан су қаптағанда Нұх пайғамбар адам, жан-жануар нәсілінің бәрін бір қапшыққа тыққандай етіп кемеге тиеген/.

Ковшик – қасық.

Сосуд с рукояткой для черпания жидкости /СТ-189/ .

Татарша – қашық, қазақша – қасық.

Колчан – футляр, сумка для стрел.

Колчан сөзі татарлардан XIII-XV ғасырларда, Киев құлағаннан кейін ауысқан деп саналады. Фасмер /2-98/ татардың “қолшан” сөзінен шығарады, қазақша нұсқасы – қорамсақ. Маценауэрдің мұны шағатайша “қалқан” сөзімен шендестіруі жөнсіз. Қалқан – басқа, қорамсақ – басқа. Қалқан – щит.

Кольчуга – кольчатая рубаха, доспех из мельких колец.

“Фарлаф, покинув свой обед, / Копье, кольчугу, шлем, перчатки, / Вскочил в седло и без оглядки/ Летит”.

Вполне возможно, что кол-чук уменьш. форма от слова кол – рука /СТ-193/.

Набалдашник – округлая надставка или утолщение на верхнем конце трости.

Түбі балдақ сөзінен – эфес, рукоятка.

Нагайка – ноғай бишігі.

Очаг – ошақ.

Сайдак – садақ.

“... вскоре степь усеялась множеством людей, вооруженных копьями и сайдаками”.

Сакля – жилище кавказских горцев; жилище, землянка.

“Утих аул; на солнце спят / У саклей псы сторожевые”.

Сокпа үй – сбитая из глины избушка.

Сарай – сарай.

Сераль – женская половина во дворе, гарем.

Француздың сераль сөзі түріктін сарай сөзінен ауысқан.

Стакан – тостаған.

Х.Махмудов “К вопросу о сравнительно историческом методе и критика четырехэлементного анализа

Н.Я.Марра” деген мақаласында /Вестник АН Каз. ССР,

№ 4, 1951, 45-бет/: “Көне орыс тіліне “достакан” деген

сөз XI-XII ғасырда ауысты, бұл түркі тілдерінде

айтылатын “достаған – тостуған – достакан – тустаған”

сияқты сөздерден алынған еді. Бері келе әлгі “достакан” қысқара-қысқара “стакан” болып кетті. Қазіргі қазақ-татар тілдеріндегі “стакан” орыс тілінен келуі даусыз, бірақ оның түбірі біздің “достағаннан” шығуы анық”, дейді. Бұған қосарымыз: арғы түбіндегі тостағанның мәні тосу болса керек деу ғана. Асты алдыға тостым деген сияқты.

Сундук – сандық.

Сургуч – сүргіш, сүрткіш.

Радлов сөрткүш сөзін помазок для смазки сковороды под блины деп түсіндірген. Оның түбірін сүрт – тереть, натирать, стирать дегеннен шығарады.

Сурьма – сүрме.

“Что касается до белил и до сурьмы, то в простоте своего сердца, признаться, он их с первого взгляда не заметил”.

Парсының сурма деген металл атынан. Түрікше, қазақша – сүрме, татарша – сөрмә, өзбекше – сүрмә, т.б. Фасмердің жазуынша, “Подсурмила брови” деген тіркес протопоп Аввакумда да бар. Фасмер сүрме сөзін “от “сур” – красить” деп түсіндіреді. Суреттей екен дегенде біз де сұлулықты айтамыз.

Таз – широкий и неглубокий сосуд.

Араб тілінен ауысқан. Түрікше – ыдыс.

Товар – предмет торговли, купли-продажи, имущество, добро, нажитое.

Арғы түбінде арабтың дабар /ұсақ мал/ сөзінен. Слово товар в древности значило скот, стадо, обоз, каковое значение осталось и до сих пор в малорусском; а так как скот служил в качестве торговой ценности, то и развилось новое значение слова товар – предмет купли и продажи /СТ – 322/.

Фарфор – түркіше – фарфур – Қытай императорының титулы, фарфор шығатын өңірдің атауы.

Хоругвь – ту, жалау /моңғолдың ороғға – ту деген сөзінен / – моңғол елінің астанасы Улан-Баторға дейін Урга аталған.

Чамодан /чемодан/ – шабадан /парсыша – иамадан/

Чердак – парсыша – шар /қала/ және тақ /ұстын/ деген

сөздерден.

Чубук – длинный стержень, на который насаживается курительная трубка. “Бақшасарай бұрқағы” поэмасы: “Гирей сидел, потупив взор, / Чубук в его руках дымился”/ деп басталады. Түбі түркі тіліндегі шыбық сөзінен. Сонау Кодекс Куманикуста цыбык түрінде кездесетін бұл сөзді Даль түркизм деп таныған. Өзбек, татар, казак, қырғыз тілдерінде шыбық прут, ветка мағынасында. Түріктер тутун чыбығы – курительная трубка деп қолданады.

Чулан – шолан.

Шалаш – шалаш /түрікше – салаш, тегінде, бұталардан, қамыстан сала салатын жай/.

Шатер – шатыр.

Ящик – жәшік.

“Қазақ тілінің лексикологиясы” атты оқу құралында (А., 2004, 30-бет) жәшік орыс тілі арқылы енген сөздер қатарында келтіріледі. Негізінде, бұл – бізге қайта оралған сөз сияқты. Фасмер ящикті орыстың төл сөзі санайды. Көне орыс тіліндегі аскъ, яскъ – корзина сөзінен шығарады. Бізге Түркизмдер сөздігіндегі (СТ – 444-бет) уәждеме дәлірек көрінеді. Онда былай делінген: “Однако этимология, предложенная Фасмером, не кажется достаточно убедительной. Ящик – это прежде всего – предмет, служащий для укладки, хранения и переноски чего-либо. Радлов – иәшрік /казан./ – иашрык таинственность, укромное место; иәшрін /казан./ тайный, скрытый; иәшір /казан./ – иашыр – скрывать, таить, прятать. Радлов определяет, однако, как заимствование из русского в татарский в значении 1. ящик; 2. выездная телега и иәшчік в значении ящик. Сравним казахское жасыру – прятать, укрывать, скрывать /Казахско-русский словарь, 1954, 165 стр./”. Сонымен, бұл о баста түрік тілдерінен иашрык – укромное место түрінде орыс тіліне ауысып, көп уақыт өте келе ол зат күйіне – ящикке айналған кезде қайта айналып келген сөз деп ойлаймыз.

Этимологияда ондай мысалдар жүздеп саналады. СТ – “Примеры обратного усвоения тюркских слов, заим-



ствованных русскими у тюрков, можем привести в достаточном количестве, как например, утюг, дуга, хомут и др”. Мысалы, Радлов кәдімгі өтектің өзі әу баста от-кі /опаленный, общипанный/ дегеннен шыққанын айтады. Ортасына көмірдің шоғын, яғни, от салатын темір өтекті мына өзіміз де көріп қалдық.

## ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЗМДЕР

Буран – боран.

Туман – тұман.

Ураган – ветер необычайной разрушительной силы.

СТ – 348: “ураган – разящий, поражающий. Слово и понятие связаны с климатом Средней Азии и Сибири”, деп түсіндіреді. Ол сөздік Дмитриевтің айтқанына жүгінген. Фасмер: “Совершенно ошибочна этимология Дмитриева – из тюркского ураган – разящий” деп санайды. Ол француздың оураган сөзінен шығарады. Біздіңше, бұл сөздің түбірінде ұр, ұру, яғни қирату жатыр. Қарапайымдатып айтсақ, ұрған деген сөз болып шығады. Екінші жағынан, америкалық үндістер тілінде дауыл құдайының аты Кураган екенін де ескеру керек. Бірақ, Америка үндістері ол құрлыққа Азиядан өткен деп айтылып жүр. Әлі де анықтай түсуді қажет етеді.

## АҢ-ҚҰСТАР, ЖАНУАРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЗМДЕР

Баран – овечий самец.

СТ – 59 – В татарском и башкирском бәрән означает ягненок, қой.

Бюльбюль – бұлбұл.

Вол – кастрированный бык, піштірілген бұқа.

Огиенко бұл сөзді көне түркизмдерге жатқызған. Ол мал /скот/ мағынасындағы чуваштың вуліх, марының волік сөздерінің маңынан іздейді. Фасмер бұған келіспейді. Фасмер сонымен бірге бұл сөз роман тіліндегі волохтан /животное/ шыққан деген пікірді де құптамайды. Сонымен, мұны да басы даулы сөз ретінде сипаттаймыз.

Гайда – иди! пошел! пойдём!

СТ – 113 – Радлов – түркінің Һайда /қазақша нұсқасы – айда/ сөзінен.

Вьючный /вьюк/ – ноша животного.

Фасмер түркі тіліндегі юкь (ноша) сөзінен деп түсіндіреді, қазақшасы – жүк.

Кабан – дикая свинья, вепрь, самец домашней свиньи.

СТ – 146 – қазақ, коми, татар, т.б. тілдерде – кабан, жабайы шошқа.

Лошадь.

Бұл бір қызықты сөз. СТ – 223 – Корш: “Начало слова лошадь есть лошя, уменьшительное от турецкого алаша – низкий, мелкая порода лошадей”. Мұның жақсы дәлелі – әзірбайжан тілінде лақса жылқының /кляча/ алаша делінетіні. Дмитриев: “Русское лошадь, вероятно, произошло из комбинации алаша-ат (мерин-лошадь), причем первое а татарского оригинала отпало, поскольку оказывалось в безударной позиции”. Сонда лошадь – аласа ат. Айтылғанда қатар тұрған екі а қосылып кетеді, аласат – ал оның лошадьқа айналуы оп-оңай.

Лошак – есек /қашыр/.

“Форма лошак возникла в связи со сближением с ишак” /Ф-2 – 526/ Лошактың, яғни қашырдың өзі де жылқы мен есектің буданынан туатыны белгілі. Ал бұл сөздің қазақшасы – қашу, қашырудан.

Обезьяна – парсыша – абузине – маймыл.

Сайгак – сайғақ.

Саранча – сары-ша /ша- уменьшительная форма/.

Слон – піл мен арыстан сөздерінің түбі бір. Түріктерде арыстан арслан деп айтылады. Мысалы, Алпарслан Түркеш. Арсланның о бастағы нұсқасы осы слан-нан шығуы /ер-слан/ да мүмкін. Слон спит, при- слон- ясь к дереву деген, біздіңше, сын көтермейді.

Собака – парсыша ит аты – спака, орыстың итке қойған төл аты – пес.

Сурок – суыр.

Табун – табын.

Тавро – моңғолша тамга – клеймо – көбіне малға

басылатын таңба, /мұның түбінде тану немесе біреуге тану сөзі жатуы мүмкін. Сонымен бірге, грек тілінде бұқаның аты таурус екенін де ескеруге тура келеді (А.Т.Ильяхов, Античные корни русского языка. Этимологический словарь. Ростов на Дону, “Феникс”, 2006, 226-бет).

Танга – клеймо, знак, штемпель. Тамғалы деген жер аты, тамғалы тас деген сөз бар.

“Татарская надпись, изображение шашки, танга, иссеченные на камне, оставлены хищным внукам в память хищного предка”.

СТ – 306 – “вид подати, введенной в России татарами (1327-1328), торговая пошлина (1569)”. “У многих тюркских племен тамга означало родовой знак...”.

Телец – төл.

СТ – 317 – Радлов казак, тараншы, шағатай тілдеріндегі төл дегеннен шығарған. Бір қызығы, бұл сөздің дәлі деген нұсқасы да бар, ол дурак, глупый, непонятливый деп түсіндіріледі. Қазақтың тентек-телі дейтінін еске түсіруге болады. СТ – 317 – “Следует отметить, что в тюркском языке тел/ төл означает любой молодняк (скота), однако в русском языке она закрепились именно за молодняком коровы, как животного, играющего наиболее видную роль в хозяйстве русского крестьянина”.

Телятина – төл еті /бұзау еті/, телячий – төлдік сөздері де осы түбірден.

## АС-ТАҒАМҒА ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЗМДЕР

Брага – домашнее крестьянское пиво разной крепости.

СТ – 88 – чуваштың перага /выжимки/ сөзінен.

Кабак – кабак, аскабак /ыдыс түрінде қолданылған/.

Каймак – каймақ, кумыс – қымыз, чай – шай сөздерінің тегіне талас жоқ шығар.

Чюрек /чурек/ – шөрек – жұқа нан.

Шашлык – кушанье из зажаренных кусочков баранины, нанизанных на вертел. Фасмер мұны қырым татарлары тіліндегі шиш-тан /вертел/ шығарады. Қазан татарларының найзаны суслық деуінде де осындай мән

бар. Найза да қадайтын нәрсе, қазақтың сұс, сұсты, сұсы жаман дегендерінің де мәні осы маңайдан табылады. Дмитриев: “В азербайджанском шиш-лик – то, что жарится на вертеле. Слово старое, известное еще со времен Махмуда Кашгарского. Почему по-русски шашлык, а не шишлик – неизвестно”.

Шербет – шәрбәт.

## КИИМ-КЕШЕККЕ ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЗМДЕР

Атлас – атлас (мата).

Башлык – головной убор. Баскиім.

Башмак – бұл сөздің орыс тілінде екі мағынасы бар: 1. род женской обуви, обычно женской или детской. 2. годовалый теленок, бычок. СТ – 72 – По свидетельству Махмуда Кашгарского, в огузском и кыпчакском языках это слово означает обувь. Екінші жағынан, татарлар мен башқұрттар башмақ деп бір жылғы бұзауды айтады, қазақтар баспақ дейді. Бұл екі сөзді жақындастырып тұрған жағдай – аяққа киетін киімнің мал аяғындағы теріден тігілетіндігі. Пушкин аяқкиім түрінде қолданған.

Бунчук – екі мағынасы бар. 1. конский хвост на древке как знак власти /гетмана, паши/. 2. бусы, надеваемые на шею лошади. Түрікше – боншук, түркменше – монжук, әзірбайжанша – мунчуг, татарша – мойынша, қазақша – моншақ. СТ – 94 – Все эти слова происходят от корня бойын /мойын/ – шея. Орыс тіліне оғыз нұсқасы /бойын/ ауысқан. Туға шашақ байлау да, тұлпарға моншақ тағу да барлықтың, бектіктің белгісі.

Бурдюк – шарап құятын тері /әзірбайжан/.

Түркологтардың айтуына қарағанда, бурдюк – XIX ғасырда, мех для вина мағынасында әзірбайжан тілінен ауысқан. “В Казани и Оренбурге в обиходе татарские или монгольские: малахай – шапка... саба и турсук – бурдюк, мех, кожаный мешок”, деп жазады Даль.

Бурка – бөрік.

Жупан – шапан /Весь жупан в пыли/.

Каблук – қап-тық.

СТ – 147 – Дмитриев /1958, 40/: кап означает оболочка,

футляр и, в частности, обувь (последнее чаще с прибавлением слова аяк/нога, т.е. аяк-кабы – футляр для ноги). Каб-лук или более выдержанное фонетически и более новое каб-лық могло бы означать принадлежность обуви, часть обуви, или, выражаясь техническим языком, деталь обуви.

Фасмер /Ф-2-151/ Рейфтің бұл сөзді арабшадағы каб – өкше дегеннен шығаруына қарсы болады. Бірақ, дәлелдемеген. Жалғыз сөзбен “Сомнительно” деп қана айтады.

Карман – пришитый к одежде мешочек для мелких вещей и денег.

Этимологтар түркідегі кіру, кірме – врываться, проникать – дегеннен шығарады. Карман – қол кіретін жер.

Кафтан – қап-тон.

СТ – 173 – из каб или кап /мешок/ и тон /платье/ как ыштан /штаны/ из ич /внутренность/ и того же тон.

Сонда штан дегеннің өзі іш-тон болып шығады. Ал кафтан – қап тон.

Клобук – қалпақ.

Колпак – қалпақ.

Кушак – белбеу / адамды белден құшақтап тұратын зат/.

Папаха – түрікше – папах. Әзірбайжанша – папаг, түркменше – папак.

Парча – парсының парча – клочок, обрезок – сөзінен.

Парша, барша. Айбарша деген ат та бар. Парша-паршасын шығару деген сөз де бар.

Сафьянный – сапьян теріден жасалған.

Серьга – сырға. Чуваштың сэрэ, сөрэ /сақина/ сөзінен деп саналады. Түркмен, қарақалпақ, қыпшақ, қарашай, балқар, татар, қазақ, қырғыз, ойрат, телеуіт, шор, т.б. тілдердің бәрінде – сырға.

Тулуп – тұлып.

Тулупчик – кішкентай тұлып.

Халат – арабша – хилат.

Чадра – шатыр сөзінен – бетті көлегейлейтін мата.

Чалма – шалма, сәлде.

Чулок – шұлғау.

Шаль – шәлі.

Штаны – ыштан, дамбал. Іш-тон екендігін жаңа айттық.

## РУХАНИ МӘДЕНИЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ТҮРКИЗМДЕР

Алкоран – әл-Құран.

Алла – Алла.

Анбар /амбар/ – қамбар, қамба.

Арак – арақ.

Аршин – аршын.

Атаман – атаман.

Байбак – маймақ.

Байран – мейрам.

Коран – Құран.

Кочевой – көшпелі.

Кошевой – көшпелі /бұл тұрғыда Пушкин дұрыс жазылуын алып отыр/.

Магазин – магазин / түрікше дүкен иесін мағазаджы дейді/.

Мечеть – мешіт.

Минарет – мұнара.

Таможня – таңба соғылатын жер.

Тюрьма – түрме.

Орыс тіліне XVI-XVII ғасырларда поляктың турма сөзінен келген деп саналады. Дұрысында, бұл сөз XI ғасырдағы Қашқари сөздігінде бар – темница, яғни зындан мағынасында.

Ярлык – жарлық.

Ясачный – жасақшы / турецкое – иасакчы – стражник (запрещающий вход).

## АДАМҒА ҚАТЫСТЫ АТАУЛАР, ТОПОНИМДЕР, ЭТНОНИМДЕР

Ага, Адам, аманат – аманат, Асан – Асан, баба – баба / ата-баба/, басурман – мұсылман, бей – бей, бек – бек, богатырь – батыр сөздеріне тоқталып жату қажет бола қоймас дейміз.

Болван – бестолковый, неуклюжий, невежливый человек. Корштың пікірінше, о бастағы парсының похлеван /уличный борец, статуя, изображающая его/

сөзі қазақ, қырғыз тілдері арқылы балуан, балбан болып өзгеріп жеткен. СТ – 84: “Слово болван у себя на родине, в Персии, обозначало сперва богатыря, а потом стало означать и его изображение, потом значение слова менялось: статуя, идол, чурбан и, наконец, наше – дурак”. Тегінде, ойсыз қара күш иесі дегеннен кетсе керек.

Бурлак – рабочий, который тянул бечевой суда вверх по течению реки. СТ – 97 – Дмитриев: “В старом татарском языке это понятие и слово имелись и связывались с глаголом бур / вертеть, крутить / – в данном случае, веревку. Фонетический тип бур (а не бор) указывает именно на тюркские языки Поволжья. Там могло быть слово бурлак или бургалак /крутящий канат или веревку /... Таким образом, нам кажется, что в татарском языке, где имелось достаточно представлений о частностях речного бурлацкого быта и где существует самый корень бур, мог возникнуть и термин бурлак”.

Баскак – в эпоху татарского ига на Руси – представитель ханской власти и сборщик податей. СТ – 64 – Глагол басмак имеет также значение печатать.

Демек, баскак – ханның мәрін басатын адам.

Вор – Кодекс Куманикуста оғру түрінде қолданылады.

Қырғызша – ууру, қазақша – ұры. Татар, башқұрт тілдеріне орыс тілінен қайтып келіп, бур болып орныққан. Фасмер бұл сөзді вру, врать етістіктерімен байланыстырады, венгрдің ор, ору сөздерінен шығарады. Ол тілге мадияр қыпшақтары арқылы баруы да мүмкін. Мысалы, барған жерін орып кететін ...

Гайдук – айдауыл, айдап кететін адам. Гайда сөзінен.

Гарем – харам, арам – тыйым салынған.

Гяур – кәпір.

Делибаш – конный воин.

Тап берді: айқай, қым-қиғаш,

Әнекей қалды қырқысып.

Найзада кетті делибаш,

Казактың басы түсті ыршып.

/Қуандық Шаңғытбаев аудармасынан/

Түрікше – дели-баш /сорви-голова, смельчак/ – бұл арада телі сөзін еске алуға /телі-тентек түріндегісін/ болады. СТ – 119 –Делибашы – начальник легкой кавалерии.

Дервиш – дәруіш, джигит – жігіт, есаул – жасауыл, караул – қарауыл сөздері дау туғызбайды.

Кащей – 1. костлявый и злой старик, обладатель сокровищ и тайны долговечности /Пушкинде осы мағынасы – Там царь Кащей над золотом чахнет, / Там русский дух, там Русью пахнет!../. 2. исхудалый, тощий человек. Фасмердің айтуынша, кощей сүйегі сүйегіне жабысқан арық адам ретінде кость сөзінен, ал тұтқын, құл ретінде – түркінің невольник мағынасындағы көшші сөзінен шығуы мүмкін . Попов былай дейді:

“П.М.Мелиоранский правильно указал, что первоначальным значением слова кошчы на тюркской почве является “состоящий при кочевой поездке /кош/, обозный”. Расында да, үнемі көшке еріп, салпақтап жүретін адамның арып-ашып, жадап-жүдеп кетуі, құр сұлдері қалуы әбден мүмкін...

Сондай-ақ, кунак – қонақ, магометанин – мұсылман, Мамаев / Мамаево побоище/ – Мамай қырғыны, мамлюк – мәмлүк, мусульман – мұсылман, муфти – мүфти, набекрень – бөрікті бүкірейтіп, баса кию, палач – пала-шы /пала – түрікше – қысқа қылыш/, паша – паша, пашалык – пашалық, пери – пері деген сөздердің де басы ашық деп білеміз.

Разгильдьяй...

“Они ворчат: уймется ли негодяй, / Что за повеса! экой разгильдьяй! ”.

Бұл кәдімгі “небрежный в делах, несобранный, неряшливый человек; неповоротливый, неряха” деген мағынадағы сөз. Мұның түркізм болатын қандай жөні бар?! Бар екен.

Фасмер: “Образовано аналогично разгуляй “увеселительное место”, растрепай “растрепя, оборванец”, т.е. от повелительной формы” деп, А.Преображенскийдің 14 кітаптан тұратын, 1910-1918 жылдарда шыққан “Этимологический словарь русского



языка” еңбегіне сілтеме жасайды. Артынша “Возможно, связано с гиль “путаница”, первоначально, возможно, “расшевели-ка”?”. Иначе, от татарского собственного имени Уразгильды, Уразгильдяй, а также Разгильдей, Разгильдяй объясняет это слово Попов (Из истории лексики языков Восточной Европы, Л., 1957, стр. 35)” деп жазады. А.И.Попов бұл ойын “Мелиоранский и изучение тюркизмов в русском языке” атты мақаласында (“Тюркологический сборник”, М., 1972) айтқан. О.Н.Трубачев “История славянских терминов родства и некоторых древнейших терминов общественного строя” деген кітабында (М., 1959) Поповты жақтаған. Бұл пікірді “Словарь тюркизмов” сөздігінің автор-құрастырушысы Е.Шипова да қолдайды. Сонымен, осы есімді иеленген оқырмандарымыздан ғафу өтіне отырып айтайық, бұл сөз әу баста татар ағайындардың арасындағы Оразгелді есімді берекесіз біреудің атынан тарап кеткен деген нұсқа қисынға келетін сияқты.

Руслан – арғы тегінде парсыша Арсланнан шыққан, сатана – шайтан, Сеитовский – Сейіт – Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы, султан – сұлтан, табор – Қырым татарларының тілінде – табур – укрепление из повозок, товарищ – табар және іс – компаньон в торговле, толмач – тілмаш, улан – ұлан, уланский – ұландық, улус – ұлыс, упырь /вампир/ – обыр /ненасытний, обжора/, ура – ұр немесе ұран, факир – пақыр /арабша – нищий, бедняк/, хан – хан, ханский – хандық, хозяин – қожайын, шах – шах сөздерінің түбі де түсінікті болар.

Ямщик – жәмшік, ям-ші – ям деген сөз моңғолша пошта стансасын білдіреді екен. Бұрын жәмшіктер пошта стансаларының арасында ат айдаған.

Янычар – жаңа шері, жаңа әскер.

Ал топонимдерді (Аральский – Арал, арап – араб, аймак – аймақ, Бахчисарайский – Бақшасарай, Карагайский – Қарағай, Каргалинский – Қарғалы, Кизильский – Қызыл, Кокшайский – Көкшәй, курган – қорған, нагайский – ноғайлық, овраг – чувашша – варақ, шағатай-түрікше – обыра /обырылып кеткен жер.../, орда – орда, Сакмарской – Сақмар, Саратовский –

Сарытау, сарачин /сорочин/ – шығыстық мұсылман – Сорочинская ярмарка/ – сарацинский деген сол мағынада, сарматы – сарматтар, стан – стан, Яицкий – Жайық, яр – жар), сондай-ақ, этнонимдерді (башкирец – башқұрт, болгар, булгар – болгар, бұлғар, бухарец – бұқарлық, киргиз – қырғыз /қазак/, киргиз-кайсақ – қырғыз-қайсақ, сарацинский – мұсылман /арабтың шарқ – шығыс – сөзінен, турецкий – түріктік, хазарский – хазарлық) деп санамалап қана өттік.

Сонымен бірге, Пушкинде жоғарыда айтылған тақырыптық топтарға қосылмайтын басқа сөздер де баршылық.

Алый – ал қызыл.

Башка – бас.

Безалаберный – алып ер емес / теріс мағынасында/.

Бельмес – білмес.

Бер бана ат – бер маған ат /түрікше/ – “Арзрум сапарында” Пушкин өзінің алдын тосқан түріктерге осылай айтып, ат сұрайды.

Влага – ылғал, жылға болуы мүмкін.

СТ – 110 – “Не настаивая на тюркской этимологии, приведем лишь некоторые семантические параллели из тюркских языков: казахское – ылғал /влага/, ылғалды /влажный/, увлажненный, башкирское – иылға /река, речной”.

Изъятие – недостаток, порок.

Ушаков – изъян от персидского зийан – ущерб, убыток.

Кабальный – СТ – 145 – қамалып қалу /шағатай тілінде/.

СТ – Кабал /чагатайское/ окружение, осада. Арабское кабала попало в русский через тюркское /турецкое/ посредство.

Караван – керуен.

Караван-сарай – керуен сарай.

Каторга –

СТ – 172 – По этимологии академика Ф.Е.Корша, из турецкого кадырга – лодка для каторжных работ.

Гректің катергон сөзінен түркі тілдеріне ауысқан болуы мүмкін.

Набат – арабтың наубат /барабанный бой/ сөзінен – сигнал о каком-то бедствии, подаваемый ударом колокола/ – арабша – стража, смена времени – қазақ нәубет келді дегенде де осыны айтады/.

Рамазан – рамазан.

Толкучий – толқын /толкучка – адам толқып жатқан жер/.

Тьма – түмен / он мың/.

Хмель – Еділ бұлғарларының тілінде – хұмлаф – сыра қайнатуға пайдаланылатын өсімдік.

Сөз түйіні мынау – А.С.Пушкин шығармаларындағы түркизмдер ұлы қаламгердің зерттеушілер “всемирная отзывчивость” деп айтатын ғажайып қасиетін танытады, оның туындыларындағы тіл байлығының, бейнеленетін орта шынайылығының сырын аша түседі. Пушкин тіпті Шығыс тақырыбына жазылған немесе оқиғасы көршілес ұлттардың жеріне тақау тұста өтетін туындыларының өзінде түркизмдерді шығарма бояуын қалыңдату немесе экзотизм үшін әдейі қолдана бермеген.

Бұл арада бір ғана мысал келтірумен шектелейік.

“Капитан қызында” Пушкин синоним болып табылатын “буран” және “метель” сөздерін қатар алып отырған.

Байқап қарасаңыз, “буран” деп ат айдаушы жәмшік пен далада жол көрсетуші жергілікті тұрғын айтады, ал Гринев пен Савельич “метель” деп сөйлейді. Әбден орынды. Орынды болатыны – түркінің қардың, желдің борай соғуынан шыққан “буран” сөзі дала жұртымен араласып қалған жергілікті халыққа жақын, ал “мести” етістігінен шығатын “метель” деген таза орыс сөзі әскерде жүрген офицерлерге жақын. Бұл арада тілдік дефиниция ескеріліп тұр.

Біз мақалада баяндап қана, дұрысын айтқанда – тізбелеп, санамалап қана өткен осы мысалдардың өзі ұлы ақынның лексиконында түркизмдердің өзіндік орны бар екенін дәлелдей алады. Бұл түркизмдердің арасында казахизмдердің де біршама екендігі және олардың көбі ақынның 1833 жылғы Орынбор мен Оралға сапарынан кейін жазылған шығармаларында

ұшырасатыны да назар аударарлық жай. Бүгін біз бастаған тақырыпты тереңдетіп қозғау – алдағы күндердің міндеті, тілші мамандардың парызы.

Авторы: Сауытбек Абдрахманов.